

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Жұрт Кенесарыны ақ киізге көтеріп хан сайлайды. Алайда, пьесаның екінші сахнасында бір топ кедейдің балаларынан айрылып зарлануы, ханның маңайындағы би-төрелердің оны назарға да ілмеуі пьесаны шиеленістіре түседі. Айта кететін маңызды дерек, пьесада Жантөре, Балғожа, Мұса, Шотай сынды билер Кенесарыны сырттай қолдап, іштерінен кектеніп жүретін, күншіл, билікқұмар, орыс үкіметіне жағымпаз кейіпте беріледі. Балғожа Жаңбыршыұлы – қыпшақ руының азулы биі, атақты Ыбырай Алтынсариннің атасы. Мұса Шорманұлы - аса көрнекті қоғам қайраткері, қазаққа жасаған жақсылығы көп тұлға. 16 жасынан ел билігіне араласып 30 жылдай Баянауыл округінің басшылық қызметтерінде болған. Қазақ балаларының білім алуы үшін Баянауылда тұңғыш мектеп, медресе, мешіт ашып, Омбыда қазақ қыздарына арналған алғашқы интернат салдырған. Кенесарымен ниеттес болып, көтеріліске қолдау көрсеткен, сол әрекеттері үшін патша үкіметінің тарапынан көп қысым көрген. Бұл сөздерді оның туған жиені Шоқан Уәлиханнның 1863 жылы К.К.Гутковскийге жазған хаттары растайды. Аталмыш тұлғалардың шығармада жағымсыз кейіпте берілуі саяси қысымның әсері деп білеміз.

Кеңестік таптық билікті қолдаған қазақ қаламгерлерінің көбі ескі тарихты, ондағы тұлғаны суреттегенде біржақтылыққа барды. Көркем шығармаларында Кенесары тұлғасына қатысты кереғар ойлар кездеседі. Оны солақай саясаттың тигізген әсерінен деп таптық. Осындай түрлі көзқарастардың туу себебі, қайсысының шындыққа жақын, я алыстығы турасында; өзгертулер автордың шығармашылық тарапынан болды ма, я сол кезеңдегі қысым әсерінен бе; тарих келбеті қай авторда қалай суреттеледі деген мәселелерде тарих концептісі тұрғысынан зерттеу маңызды.

Қорыта келгенде, тарихи шығармада жазушының кей оқиғаларды, сюжеттерді ойдан шығаруы да, белгілі тарихи шындықты ойдан толықтыруы да, не кейбір тұстарын өзгертіп, өзара орын ауыстыруға жол беруі де оның суреткерлік шеберлігі мен талғамына, танымына байланысты. Дегенмен, мұндай тақырыпқа баратын шығармашылық иесі өзі суреттеп отырған дәуірге, тарихи тұлғаға байланысты маңызды материалдарды толық игеріп, терең зерттеу жасап, парасат елегінен өткізіп барып қалам алғаны жөн. Өткен замандарда болған оқиғалар тарихын тізіп, қазіргі өзі өмір сүріп отырған уақыттың мұң-мұқтажын шығармасына арқау ете алу – өз ұлтының, мемлекетінің өміріне бей-жай қарамайтын қаламгердің ісі. Тарихи тақырыпқа татымды шығарма жазу барлық қаламгердің қолынан келмейді. Бұл тақырып үлкен дайындықты, жылдар бойғы ізденісті қажет етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Тілешов Е. Қайнар: Мақалалар, сұхбаттар. – Алматы: Сардар, 2015. – 658 б.
2. Алпысбаев Қ. Тарихи шығарма: таным және көркемдік. – Алматы: Ғылым, 1999. – 281 б.
3. Жұмабаев М. Жан сөзі: Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Раритет, 2005. – 256 б.
4. Бораш Б. Қазақ поэзиясындағы хандар тұлғасы: Оқулық. – Алматы: Дәуір, 2012 – 440 б.
5. Әуезов М. Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. – Алматы: Жалын, 1993. – 448 б.
6. Ауезов М. Современное состояние драматургии и ее задачи // Казахстанская правда, 1934, 20 июня, С.3.

УДК 17.82.90

ӘДЕБИЕТ ПЕН ФОЛЬКЛОРДАҒЫ ЖАҒЫМСЫЗ КЕЙІПТЕР КӨРІНІСІ

Қосбаева Шаттық Мырзаятқызы

sh_kosbayeva@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

2 курс магистранты, Астана, Қазақстан

2490

Адамның жан дүниесінің ағы мен қарасын, жарығы мен көлеңкесін айыра білетін жазушы ғана адам табиғатынан мол хабар бере алады. Жазушы шығармаларындағы кейіпкерлердің мінез-құлқы бірде оның ойы, эмоциясы арқылы беріліп жатса, бірде іс-қимылымен-ақ танылады. Ғалым И.В. Страхов психологиялық бейнелеудің екі формасын: бірінші, кейіпкердің мінез-құлқын, оның ішкі ойы, түсі, елесі арқылы суреттеу, екінші – сырттай психологиялық талдау жасау немесе кейіпкерді ерекшелігі мен мимикасы тағы басқа психологиялық сыртқы белгілері арқылы суреттеуді атайды [1, 24 б.].

Көркем әдебиетте кейіпкерлер өзіне тән рухани және қоғамдық жүк көтереді. Ол – автордың идеясын жүзеге асыратын бейне. Бұл ретте кейіпкерлер өз ерекшелігімен көзге түседі. Ол заманның, уақыттың бағыт-бағдарын, арман-мұратын танытушы образ ретінде көрінеді. Яғни, автор суреттеуінде тарихи орта сипатын айғақтап, халықтық үлгіде тәрбиелі қасиеттерді жеткізуші.

Қоғамның тарихи дамуының кезеңдеріне байланысты кейіпкерлер де шығармаларда жаңа сапада көрініп отырады. Адамның сыртқы қимыл-әрекеті мен ішкі ойының өзара сабақтастығы болатыны белгілі. Көңіл-күйінің, ой-ағымының құбылуына орай сырт келбеті, әрекеті, эмоциясы, тағы басқа өзіндік сипаттар белгі беретіні анық. Бұл жөнінде М.М. Бахтиннің мына бір әдеби қағидасын келтірсек түсінікті болмақ. «...Адам қандай дәрежеге жетуге мүмкіндігі болса, ол сол дәрежеге жетті, ол адамның басқа жағдайда болуы мүмкін емес. Ол адамның ішкі ойы түгелдей ашық, түгелдей айтылған, оның ішкі ойы мен ол ойының сыртқы көріністері бір-бірімен дәл келеді. Ешқандай алшақтық жоқ, ол тым қарапайым» [2, 54 б.].

Уақыт өткен сайын кейіпкерлер жаңаша мәнге ие болды. Сөйтіп, кейіпкер өмір алға тартқан революциялық өзгерістер мен құнды адамзаттық мұраттар биігінде суреттеледі. С. Мұқановтың «Ботагөз», Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романында бірқатар әдеби кейіпкерлер жағымды қасиеттерімен танылды. Мысалы: Асқар, Ботагөз, Еламан т.б. Әдебиет бірыңғай протагонист кейіпкерлерден ғана тұрмайды. Онда антагонист кейіпкерлер де аз болмайды. Сол арқылы жамандық әшкереленіп, жақсылық атаулыға ұмтылу баяндалады. Алайда көркем әдебиетте кейіпкерді протагонист және антагонист деп бөлу шартты нәрсе.

Осы тұрасында З. Қабдолов: Образдың көркем әдебиетте жағымды, жағымсыз түрлері бар. «Жағымсыз образдар» деп З. Қабдолов Итбай, Мадияр, Кулоков, ал жағымды образдар деп Амантай, Ботакөз, Асқар дей келе, мынадай ой түйеді: кейіпкерлерді жаман не жақсы деп бөлуге болмайды. [3, 121 б.].

Басты кейіпкердің алға қойған мақсаттарына жету жолында кедергі болатын адам – антагонист, яғни жағымсыз кейіпкер. Антагонист пен протагонист қақтығысы негізгі шиеленістің ең маңызды қозғаушы күші болып табылады. Жағымсыз кейіпкердің әрекеті басты кейіпкерді жеңуге кедергі келтіріп қана қоймай, оның дамуына, мінезінің қалыптасуына себеп болады. Антагонист тек кейіпкер бейнесінде ғана емес, сонымен қатар кейіпкерлердің тобы, ұйымы, қоғам немесе сыртқы әсер, тылсым күш, табиғи апаттар, әлеуметтік тәртіп түрінде де бола алады. Бәлкім, бас кейіпкерге қатысты сыртқы күштер ғана емес, сондай-ақ жалпы моральдік қағидаларда антагонисттің кең анықтамасы болуы ықтимал.

Кейіпкерлердің қақтығысы қалай да қоғамдық өмірдегі күрес-тартыспен қабысып жатады, жеке адамдардың іс-әрекетінен, тағдырынан оқырмандар заманның, дәуірдің шындығын көріп әлеуметтік қайшылықтардың сырын ұғады. Автор мақсаты әркез адам образдары арқылы жүзеге асады. Осыған орай көп жайт ұнамды образбен берілуі мүмкін. Ал бұған керісінше, өмірдің ескірген, адамгершілікке қарама-қайшы кейпі ұнамсыз образдар арқылы суреттелуі мүмкін. Мұның өзі сайып келгенде жазушының идеялық-эстетикалық дүниетанымына, шығармашылық шеберлігіне байланысты.

Кейіпкер белгілі қоғамдық жағдайда қалыптасады, сол ортаға, өз уақытына сәйкес болады. Адамның мінез-құлқы, оның әрқилы кездерде, әсіресе адамгершілік қасиеттер сынға

түсетін жағдайда өзін қалай ұстап, қандай әрекет ететіні ой-өрісіне, сана-сезіміне байланысты. Кейіпкер ойы мен жазушы сөзі бір-бірін толықтырып, сезімдері бір арнаға түскендей болады. Мәселен, М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні» атты әңгімесін алайық. Жазушы әуелі Арқалықтың көз аштырмас долы боранын суреттеп, Күшікбай батырдың тағдырынан мәлімет береді. Одан кейін қатыгез жолаушылармен таныстырып, ол жолаушыларға Жақып отбасының халсіз күйін кемпір әңгімесі арқылы естірте отырып, үрейлі де қатыгез трагедиясына жетектеп ертіп апарды. Кемпір мен қыздың қасіреті мен қайғысы және оны еш әсерсіз, міз бақпай тыңдап отырған Ақан болыстың зымыян мінезін, жасырын сырын ашып береді. Баяу басталған оқиға желісі бірте-бірте қоюлана түсіп, өзі бейнелеп отырған кейіпкерлер психологиясына тереңдей енеді. М. Әуезов Ғазизаның өлімі Жақып отбасының соңғы үмітінің үзілгенін көрсету арқылы, Ақан мен Қалтай үшін мақсатының орындалғаны, істің тынғаны, шаруаның біткені, аса бір үлкен жұмыстың тапқырлықпен аяқталғаны болып есептелінеді. Осылайша жазушы өмірдегі шындықты контрасты күйінде көрсете отырып, өткен ғасырда болған әлеуметтік теңсіздікті аңғартады.

Ш. Құдайбердіұлының «Қалқаман – Мамыр» дастанына келер болсақ, антагонист кейіпкердің орнында тұруы керек болған Көкенайдың бойынан елдік намыс ұшқынын көруге болады. Көкенайдың сол тұстағы әрекеті «Кімде-кім жеті атаға толмай үйленсе, өлім жазасына кесілсін!» деген Жәнібек ханның жарлығын еске түсіреді. Мүмкін Шәкәрім Құдайбердіұлының Мамырды садақпен атып жазым қылған, Қалқаманды жарадар етіп елден бездіріп жіберген Көкенай жайлы артық ауыз әңгімеге бармағаны да содан болар.

Ал М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы автор мен оқырманды екі оттың ортасында қалдырған туынды деуге болады. Егер қисынға келтірер болсақ, батыр Баян тура Бекежанның ісін жасап отыр. Ол жерде де өзіне қарамаған тұтқынға түскен қалмақ қызының інісімен қашып кете барғаны намысына қатты тиеді. Соңдарынан қуып жетіп, садақты толғай тарта отырып, екі жасты мерт қылды. Дегенмен де Мағжан Жұмабаев та оны антагонист ретінде емес, шер-шерменді кейіпкер етіп көрсетеді. Бұл туындылардың қай-қайсысын алып қарасақ та, ерекше характер, қайталанбас мінез бар. Бұлардан кейін де әдебиетімізде бірталай антагонист кейіпкер болды, бірақ көбі дерлік протагонист кейіпкердің көлеңкесінде қалып қалды.

Жалпы алғанда, антагонист кейіпкер көп жағдайда қоғамға, адамгершілікке қарсылық көрсетеді. Протагонист кейіпкер тек әділеттілікті, достықты, шындықты насихаттайтын, зұлымдықпен күресетін қаһарман болып табылады. Әр кейіпкердің, мейлі ол жағымды-жағымсыз болсын міндетті түрде оқиғаға өзіндік көзқарасы болады.

Адам баласының құпия әлемнің сырын барынша түсінуге тырысып, қоршаған ортасын, айналасын ерекше тылсым күшке балап, одан туындаған қиялды көркем образға айналдырған жанрды мифология деп атасақ болады. Қазақ мифологиясында қырықтан аса кейіпкер бар. Олардың бірқатары жағымсыз образдар болса, енді бірі жағымды кейіпкерлер қатарында. 2016 жылы С. Итеғұлованың құрастыруымен жарық көрген «Қазақтың мифтік кейіпкерлері» атты жинақта фольклордағы мифтік кейіпкерлерді алты топқа жіктеп көрсеткен:

Тотемдік кейіпкерлер: Көк бөрі, Көк өгіз.

Шамандық кейіпкерлер: Самұрық, Бәйтерек, Бақсы.

Демонологиялық кейіпкерлер: Албасты, Жезтырнақ, Жалмауыз кемпір, Мыстан кемпір, Пері, Жын, Шайтан, Дию.

Хтоникалық кейіпкерлер: дәулер (Дәу, Қара дәу, Жалғыз көзді дәу), Шойынқұлақ, Үш дәу (Үлкен, ортаншы, кіші), Аю дәу), алыптар (Алаңғасар мен Арсалаң, Толағай, Ерсары, Ұлтанқұл), ергежейлілер (Ергежейлі, Жартықұлақ, Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс).

Ілкі қаһармандар: сиқырлы көмекшілер (Таусоғар, Көлтауысар, Саққұлақ, Желаяқ, Епті), пірлер (Қамбар ата, Зеңгі баба, Ойсыл қара, Сексек ата, Шопан ата).

Трансформацияланған мифтік кейіпкерлер: Қаңбақ шал, Тазша бала.

Мифтік кейіпкерлердің барлығы дерлік толық қамтылмағандықтан, бұл жіктеу жүйесі әлі де болса толықтыруды қажет ететіні рас. Онымен қоса, кейіпкерлердің дәл бұлай

жіктелуінде үлкен дау туғызатын сұрақтар да жоқ емес. Мысалы, Алаңғасар мен Арсалаң, Ерсары және Ұлтанқұлдарды мифтік кейіпкерлер қатарына жатқыза алмаймыз, т.с.с. Дей тұрғанмен осы образдар жүйесіне кеңірек тоқталып өтсек жөн болмақ.

Осы аталған кейіпкерлер арасында Көк бөрі, Көк өгіз, Самұрық, Бәйтерек тәрізді кейіпкерлер көп жағдайда бейтарап, жағымды образда көрінсе, демонологиялық кейіпкерлердің барлығы дерлік, атының өзі айтып тұрғандай, жағымсыз, ұнамсыз кейіпте келеді. Ал дәулерге келер болсақ, адам жейтін Қара дәу мен Жалғыз көзді дәу, Аю дәу мен алып күш иесі Шойынқұлақ жағымсыз кейіпкер болса, Үш дәу табиғаттарынан алаңғасар, ешкімге титтей болсын зияны жоқ, аңғал кейіпте келеді.

Алыптар да екі сипатта көрінеді: бірі адам баласына жақсылық ойлап, үнемі көмекке әзір болса, екінші бірі – алапат күштің иесі, жамандық жолын ұстанушы. Мәселен, жоғарыда атап кеткен, мифтік кейіпкерлер қатарына жатқызуға келмейтін Алаңғасар мен Арсалаң табиғатынан қыңыр болса да, бала мінезді, аузын ашса жүрегі көрінетін, жан баласының көңілін қалдырғысы келмейтін сондай ақкөңіл, аңғал кейіпкерлер. Қазақта «арсалаң» деген сөз көңілі таза, аздап ебедейсіздеу келетін, алайда ақжарқын адамға қарата айтылатындығы содан болса керек-ті.

Алып күш иесі, ірі тұлғалы Ерсары мен тау көтерген Толағайдың әдебиеттегі образы – батыр бейнесінде. Бұл екеуі – адамзат баласы үшін жағымды кейіпкерлер. Ал алыптардың арасында келетін Ұлтанқұлдың бейнесі – жағымсыз. Бұл кейіпкердің бет-болмысы «Алпамыс батыр» жырында өте жиіркенішті етіп көрсетілген.

Ергежейлі кейіпкерлердің ішінде Жарты құлақ – өте алғыр, еті тірі, тапқыр бала. Алайда бойы бір-ақ тұтам. Ал керісінше «Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс» Жарты құлаққа мүлде қарама-қайшы кейіпкер. Егер Жарты құлақ адамзатқа пайдасы бар кейіпкер болса, Бойы бір қарыстың адамға тигізер кесірі соншалық үлкен.

Мифологияда адам жейтін, сирақтан ұстап алып суға батыратын, алдап-арбап зұлымдық жасайтын, алайда үнемі жеңіліске тап болатын жағымсыз кейіпкерлер де жетерлік. Осы аталған кейіпкерлерге тоқталып өтсек.

Әйел сипатындағы жағымсыз кейіпкерлер ішінде өте жиі кездесетін бейне – Мыстан кемпір бейнесі. Қазақ фольклорында Мыстан мен Жалмауыз кемпір кейбір тұстарда аражігі ашылмай біртұтас кейіпте келе береді. Алайда фольклорлық туындыларға жіті мән берген адам Мыстан мен Жалмауыздың екі бөлек образ екенін анық аңғарады.

Мыстан кемпірдің сыртқы бейнесі кәдімгі бақсы-демондық кейіпкерлер тәрізді: шашы тіке әрі ұзын, тістері қисық, тырнақтары өткір. Мыстан ертегілерде көбінесе жылқы қуып, тісімен жер қазып, бас кейіпкерді ұрлап, асқа у салып, тұтқынды байлап ұстап немесе тірідей жеп қояды. Мыстанда соншалықты ерекше қасиет пен сиқыр жоқ. Ол өз дегеніне адамды алдап-арбау арқылы жетеді. Мыстан кемпірдің адамға тән екінші қыры – пендешілігі, дүниеқоңыздығы. Мыстанның пендешілігі басым. Ол – дүниеқоңыз. Дүниеге қызығып жауыз адамдардың айдағанына жүреді. Мыстанның бал ашып болашақты болжайтыны тағы бар.

Көрнекті ғалым С.А. Қасқабасов «Казахская волшебная сказка» атты еңбегінде Мыстан бейнесі қашан пайда болған деген сұраққа «Мыстан ерте заманда матриархат кезеңінде айналасына билік жүргізетін ақылды әйел бейнесінің өзгерген түрі» деп жауап береді. «Ежелгі Мыстан бейнесі күшті эволюцияға түскен» деген пікірін келтіреді [4, 93 б.].

Ғылымда Мыстанды мыс дәуірінде өмір сүрген басқарушы әйелдің заман ағымына сай өзгеріске түсіп, құбылып келген бейнесі деп түсіндіру ұғымы бар. Матриархат дәуіріндегі ақылгөй, дана әйел бейнесі патриархат дәуірі келіп жеткенде, әйелдің қоғамдағы орны өзгеріске ұшыраған сәтінде ұнамсыз кейіпкерге ауысады. Оның ақылды, алды-артын болжағыш, көрегендік қасиеті енді ұнамсыз болып бағаланады. Мыстан небір айла-амал тапқыш зұлымға, барлық ақыл-ойын жамандық үшін жұмсайтын жиіркенішті бейнеге айналады.

Қорыта айтқанда, Мыстан – сыртқы кейпі ұсқынсыз, ұзақ өмір сүрген, шашы жалбыраған, мүсәпір кемпір бейнелі озбыр, бойында ерекше дерлік тылсым күші жоқ, бірақ айла-амалы мен қулық-сұмдығы жетіп-артылатын, қарапайым жолмен-ақ өлтіруге болатын,

көп шығармаларда таз баласы бар, өзінен басқаға жақсылық ойламайтын, дүниеқоңыз кейіпкер.

Жалмауыз – қазақ мифологиясындағы аяқ-қолының тырнағы сояудай, қарға тұмсықты, әрі қажырлы, адам жегіш жауыз кемпір бейнесінде суреттелетін кейіпкер. Жалмауыз кемпір көбінесе балаларды аңдып, жеп қоюды мақсат тұтады. Жалмауыз кемпірдің фольклорлық демонологияға енуін зерттеген ғалым-зерттеушілер оны сонау ертедегі матриархат дәуірінде шыққан деген ойды айтады. Ерте дәуірде әулет, ру-тайпаның, күллі іс-жоралғылардың тізгіні әйел затының қолында болып, кейін патриархат басымдыққа ие болады. Сол заманнан бастап, негізінен әйел кейпіндегі демондық кейіпкерлер көбейе түскен. Соның бірі – осы жалмауыз кемпір.

Кейде оны өткір де ұзын тырнақтары бар, жетібасты кейіпкер ретінде сипаттайды. Сонымен қатар ол қандай да бір зат кейпіне еніп, адамға сезілмейтіндей оған мықтап жабыса алады. Жалмауыз кемпір образының ерекшеліктері де қазақ ғалымдарын әрқашан ойландырған мәселе болған. Солардың ішінде Ш. Уәлиханов Жалмауыз кемпірдің адамжегіш екенін жазған [5].

Қазақ фольклорында жиі ұшырасатын, фольклорлық шығармалардың көбінде әйел бейнесінде көрініс табатын, бойында асқан жойқын қуаты бар, кісі баласына жау кейіпкердің бірі – Жезтырнақ. Ол – мифтік бейне. Жағымды кейіпкерге қарсы, оның қас жауы ретінде бейнеленетін Жезтырнақ халық арасынан шыққан батырлардан жеңіліп қалып отырады. Ертегілер мен аңшылар жайындағы аңыз-әңгімелерде Жезтырнақ бейнесі толық сомдалады. Ертегілердің көбінде дерлік Жезтырнақ бейнесін ұзын бойлы, тырнақтары пышақтай өткір, жапандағы жалғыз әйел ретінде бейнелейді. Дегенмен де аңшы аңыздарында Жезтырнақтар адам тәрізді жұптасып өмір сүреді, олардың да балалары болады деп баян етіледі.

Жезтырнақ – үлкен жез тырнақты, имек жез мұрынды, әдемі әрі жас әйел бейнесіндегі жын-пері тектес мақұлық. Жезтырнақ – алапат қара күш иесі. Оның ащы даусы жерді жаңғырыққа бөлейді. Өзінің айқайымен ол ұсақ хайуанаттар мен құстарды өлтіре алатын қасиетке ие.

Зерттеуші П.Т. Әуесбаева «Түркі халықтарының хикаялары» атты ғылыми зерттеуінде «Жезтырнақ персонажы түркі халықтары ішінде қазақтарға ең көп танымал. Қырғыздар «жезтырнақты» сондай-ақ «джез тумшук» деп атайды. Яғни, оның тырнақтары ғана емес, сондай-ақ мұрны да жез не темірден жасалғанының белгісі болып табылады» деген пікірін білдіреді [6].

Қорыта келгенде, қазақ фольклорында кездесетін Жезтырнақ – тау мен тасты немесе орманды мекен ететін, жұптасып өмір сүретін, адамнан өзінің өткір тырнақтарымен ерекшеленетін, бар күш-қуаты сол өткір тырнақтарына жиналған сұлу да ажарлы келіншек сипатында көрініс табатын қаскөй күш.

Қазақ демонологиялық фольклорындағы Пері – әйел заты бейнесіндегі демондық құбылыс. Ертегілер мен аңыздарда Пері бейнесі көп айтылады. Қазақ ұғымында Перінің діни сенімдік сипаты көрінеді: олар мұсылман перісі және кәпір перісі болып бөлінеді. Аңыз бен ертегілерде Перінің қыздары аққу болып ұшып жүреді. Олар көлге келіп шомылғанда адам оның аққу бейнесіндегі пердесін сыпырып алып, аруға айналған Пері қызымен некелескені жайында ертегі, аңыздар бар. Перінің қызымен қарым-қатынас құрып, тіпті одан ұрпақ көргендер туралы да айтылып жатады. Перімен аса сақтықпен қарым-қатынас орнатпаса, ол адамға қас болуы да ғажап емес. «Перінің кәріне ұшыраған» кісіні «Пері соққан» деп жататыны содан қалған.

Келесі бір жағымсыз бейне – Албасты бейнесі. Албасты – барлық түркі тілдес халық мифіне ортақ кейіпкер, алайда әр елде сипаты мен бейнесі әртүрлі болып келеді. Қазақ мифологиясында Албасты зұлым әрі зиянкес жын бейнелерінің бірі ретінде берілген. Албасты кез келген тіршілік иесіне айнала алса да, оны көбіне су жаратылысымен байланыста қарастырады. Албасты – аузындағы өткір тісі көрініп тұратын семіз, түкті әйел, оның салбыраған төсі жерге жетеді.

Албастыны көбіне желіні жер сызған ешкі немесе түрі ұсқынсыз қаңғыған ит, аузына әйел өкпесін тістеген түлкі түрінде бейнелейді. Қазақ түсінігіндегі бұл жағымсыз кейіпкер босанып жатқан әйелді кеудеден басып тұрып, өкпесін ұрлап алады да, жүгірген бойы өзенге тастайды. Солайша босанып жатқан әйел өледі. Ал албастының өкпені алып қашып бара жатқанын көріп, оны ұстап алып қинаса, қайтарып әкеледі. Содан әлгі әйел қайтадан тіріледі. «Албасты басқыр!» дейтін қарғыс сөз осыдан шыққан болуы әбден ықтимал.

Үббе немесе Үбі – қазақ наным-сенімінде судың ішінде кездесетін құбыжық. Үббе өзен-көлге суға шомылып жүрген адамдардың сирағынан ұстап алып, батырып өлтіреді. Ерте кезде адамдар суда жүрген сәттерінде қандай да бір қорқынышты сезе қалса, «Үббе, маған тиіспе!» деп айғайлайтын болған.

Сонымен бірге қазақ демонологиясында «Үбіжәй», «Бүжәй» дейтін де кейіпкер кездеседі. Көбіне Бүжәйды шақырып, кішкентай балаларды қорқытады. Әр өңірде қолына қорқынышты бір затты ұстап тұрып «Бүжәй келе жатыр! Жыласаң, Бүжәй алып кетеді!» деп баланы тәртіпке салып жатады. Бұны айтқан адам «Үбі», «Үбіжәй», «Бөжей», «Бөжек», «Үбіжік» дейтін осы құбыжықты меңзеп тұрса керек. Үббе мен үбіжәй негізі бір ұғым деуге де толық негіз бар.

Қазақ халқында жағымсыз бейнеде келетін мифологиялық кейіпкерлер жетерлік, десе де олардың дені жоғарыда көрсетілген мифологиялық кейіпкерлердің аңыз-әңгіменің, ертегінің ішінде жүргені тәрізді, одан басқа да сан түрлі жанрға ауысып, тіпті сіңісіп те кеткен. Қазақ мифологиясының өзі әртүрлі жанрға шашырап кеткен. Сол себепті де қазақ мифологиялық кейіпкерлері туралы сөз қозғағанда фольклордың мифологиядан өзге жанрларына да тоқталған жөн болмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Страхов, И.В. Психологизм в романе. – М., 1993.
2. Бахтин, М.М. Эстетика словесного творчества. – М. : Искусство, 1986. – 445 с.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2002. – 360 бет.
4. Каскабасов С. Казахская волшебная сказка. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 256 с.
5. Уалиханов Ш. Таңдамалы – Алматы: Жазушы, 1985. – 455 б.
6. Әуесбаева П.Т. Түркі халықтарының хикаялары. Ғылыми зерттеу. – Алматы: ИП «Сагаутдинова», 2014. – 415 б.

БАЛАЛАР ПРОЗАСЫНЫҢ ДАМУ ЖОЛЫ

Матай Жазира Сейтқожақызы

matay.zhazira@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

2 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – PhD, доцент м.а.Сағынадин Г.С

Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ әдебиетінің сан қырлы саласы қарыштап дами бастады. Соның ішінде балалар прозасына ден қойылып, жаңа сипат алды. Оның рөлі туған әдебиетімізді дамытып, көркейтуге септігін тигізіп жатыр. Балалар әдебиеті — балаларға арналып жазылған әдеби шығармалар. Сондай-ақ, арнайы балаларға арналып жазылмағанымен, олардың ойлау, түсіну қабілетіне, талғамына, арман-қиялына әсер етіп, өзіне балаларды тартатын көркем шығармаларды да балалар әдебиеті қатарына жатқызуға болады. Балалар әдебиеті — сөз өнерінің арналы бір саласы. Әдебиеттің бұл түріне жататын шығармалар оқиғасының қызықты да тартымдылығымен, композициясының ширақтығымен ерекшеленеді. Әйткенмен қазіргі қазақ балалар прозасының жай-күйі көңіл қуантарлықтай емес. «Әдебиеттің ішіндегі ең күрделісі, екіншісі бірі қалам тартып, шығарма жаза бермейтін тақырып ол – балалар тақырыбы. Өйткені балалар әлемі – күрделі әлем», - деген пікір білдіре